



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

19.06.2023 г.

№ 32, 1-т.

Кәсіподақтың 2023 жылғы кәсіподақ мүшелерінің салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайлары бойынша құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыс қорытындысы туралы

Кәсіподақ Төрағасының Орынбасары В.Ф. Беженаровтың «Кәсіподақтың 2023 жылғы кәсіподақ мүшелерінің салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларына құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыс қорытындысы туралы» ақпаратын тыңдап және талқылап, Кәсіподақтың Атқару Комитеті **атап өтеді:**

2024 жылғы 1 қаңтарына білім беру ұйымдарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі **8023** өндірістік кеңес жұмыс істейді (бұдан әрі - ЕҚжЕК), оның ішінде кәсіподақтар бастамасымен – **7918**.

2023 жылы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша қоғамдық негізде **8124** техникалық инспектор қызмет атқарып, **4320** тексеру жүзеге асырып, **1411** бұзушылықты анықтады.

Анықталған бұзушылықтар құрылымында жалпы санның басым үлесі қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша – **28,4% (401)**, ұжымдық және жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету бойынша – **21% (295)** бұзушылықтар алады.

Есептердің деректеріне сәйкес, тексерулердің ең көп санын Атырау – **59,7% (843/423)**, Солтүстік Қазақстан - **52,9% (746)**, Павлодар - **26,5% (374/1411)** және Қарағанды - **23,2% (328/1411)** облыстық ұйымдарының техникалық инспекторлары жүзеге асырды.

Бастауыш кәсіподақ ұйымдарының барлық санынан *ЕҚжЕК бойынша тексерулердің негұрлым көп қамтылуы* Атырау - **1,9 есе (843/423)**, Солтүстік Қазақстан - **1,3 есе (746/559)**, Маңғыстау - **94,8% (310/327)**, Абай - **75,2% (304/404)**, Қарағанды - **73,1% (328/449)** және Павлодар - **63,8% (374/586)** облыстары құрады.

Сонымен қатар, есептердің деректері бойынша техникалық инспекторлармен жүргізілетін тексерулермен ең төмен қамтылған «Қорғау» Қостанай облыстық ұйымының бастауыш кәсіподақ ұйымдарында – **9,4%**

(17/181), «Ұстаз» Алматы қалалық кәсіподағы - **9,5%** (43/455) және Шығыс Қазақстан облыстық ұйымы - **5%** (75/538).

Тексеру жиілігі төмен деңгейде қалып отыр. Мәселен, есепті жылы **8124** техникалық инспектор **4320** тексеру жүргізген, бұл жеткіліксіз екені анық.

Еңбек жағдайлары бойынша анықталған бұзушылықтардың барлық көлемінен **1222** бұзушылық жойылды. Жұмыс берушілерге ұйымдағы еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігін жақсартуға бағытталған **699** ұсыныс берілді.

Өндірістік жарақаттарға қатысты жағдай күрделі күйде қалып отыр. Егер, 2020 жылы сала бойынша өндірістегі жазатайым оқиғалардың жалпы саны **10** жағдайды құраса, 2021 жылы – **26**, 2022 жылы – **33**, ал өткен 2023 жылы – **24**. Жеңіл және ауыр нәтижемен - **18**, (9 жағдайдан). Өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар - **4** жағдай.

Ауыр зардаптармен зардап шеккендер саны 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы **11**-ге, өліммен аяқталатын өндірістік жарақат салдарынан **3**-тен **6**-ға дейін артты.

Барлық жазатайым оқиғалардың ең көп саны 2023 жылы Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында - **5** жағдайдан, ал Қарағанды облысында - **3** жағдайдан тіркелді.

Мүшелік ұйымдар 2023 жылы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша **437** оқыту семинарларын өткізді.

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы» атағына жыл сайын өткізілетін конкурс еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйіне оң әсерін тигізеді.

Кәсіподақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша Кәсіподақ федерациясы өткізетін салааралық конкурстарға белсене қатысады және онда жүлделі орындарға ие болады.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару Комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіподақ Төрағасының Орынбасары В.Ф. Беженаровтың «Кәсіподақтың 2023 жылғы кәсіподақ мүшелерінің салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларына құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыс қорытындысы туралы» ақпараты назарға алынсын.

2. Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстық кәсіподақ ұйымдарының басқарушы органы өндірістік жарақаттану деңгейін төмендету шараларын қабылдасын.

3. «Ұстаз» Алматы қалалық кәсіподақ ұйымы, Шығыс Қазақстан облыстық ұйымы, «Қорғау» Қостанай облыстық ұйымының төрағалары еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау кәсіподақтық техникалық инспекциясы жұмысының ұйымдастыру деңгейінің төмендігі ескеріп, тиісті бақылауды қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

4. Кәсіподақтың Орталық Комитеті Аппаратының құқықтық жұмыс, ЕҚ және ЕҚ бөліміне:

- 2024-2025 оқу жылында мүшелік ұйымдардың бас техникалық еңбек инспекторларын еңбекті қорғау бойынша оқытуды ұйымдастыру;

- саладағы еңбекті қорғаудың жай-күйі және өндірістік жарاقاتтануды болдырмау жөніндегі шаралар туралы мәселені Әлеуметтік әріптестік және оқу-ағарту саласындағы әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Салалық комиссияның қарауына енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлесін.

5. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының басшылық органдарына:

- қызметкерлердің қауіпсіз еңбек жағдайларына қатысты құқықтарын қорғау және оны қорғау жөніндегі жұмыстарды жандандыру;

- «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы» атағына республикалық конкурстың бірінші кезеңін тиісінше ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестердің қызметін ұйымдастыруға ерекше назар аудару, олардың жұмысын жандандыру бойынша әлеуметтік әріптестермен бірлескен шараларды қамтамасыз ету;

- білім беру қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың 2024-2025 оқу жылының басына ұйымдардың дайындығын тексеру жөніндегі комиссиялардың құрамында техникалық еңбек инспекторларының, кәсіподақ органдарының, басқа да өкілдерінің қатысуын қамтамасыз ету.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ Төрағасының Орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева